	Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. **Балаларға сұрақтар** Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) Шуақты күні ше? (өседі) Қай беттегі сүңгілер тез ериді?(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. **Еңбек** Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.	Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. **Зерттеу жұмыстары** Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? **Еңбек** Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. **Қимылды**	Жауын исі сезілді. Айнала тарсылдап, Ақ моншақ төгілді. Жер беті ағарып, Мұз болып көрінді. Моншақты ұстап ап, Көргім кеп барады- Қолымда көп моншақ , Су болып ағады. Тәрбиеші әңгімесі: күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады. Зерттеу жұмысы Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме? **Еңбек** Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу.	Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды **Тәрбиеші сұрақтары.** Бұл күшік сендерге ұнай ма? Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.	қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемнің алдында қай мезгіл болды? Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) **Еңбек** Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. **Жаттығу ойыны:**

	Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Аяғыңды сулама» Мақсаты: Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. **Жаттығу ойыны.** **Қ**озғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**ойын** «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. **Жаттығу ойыны** Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. **Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.** **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. **Қимылды ойын:** «Ақ серек-көк серек». Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу. **Жаттығу ойыны** «Кім алда?». Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Еңбек:** Жер қазу жұмыстарынақатысу. Мақсаты: ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру. **Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан». Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге баулу; —жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру). **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Серуеннен оралу	Балалар реттілігімен шешінеді. Мәдени-гигиеналық шараларды орындайды. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Түскі ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру (физикалық дамыту) Батам батам батпасын Батам жерде жатпасын Жарылқа, құдай, қабыл ет! Жарылқаудың қамын ет! Бай ет, мамыр ет, Батамды мұстажап ет! Құдайдан не тілесе, Соны әзір ет!			

	Құдай тағала, мұның ақниетін Қабыл ет! Әумин! (**қазақ тілі)**
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығуы. «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. Төмен, төмен, төменге - балалар тізе бүгіп отырады, басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. Керемет, керемет - Балалар тұрып алақан соғады. Күлімдейді күн. Қол белде, оңға-солға бұрылу. 3-4 рет қайталау
Бесін ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Берейін бата асыңа, Амандақ берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О: **"Лото- өрт қауіпсіздігі"** **Мақсаты:** сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың өрт кезіндегі қауіпті жағдайлар туралы түсініктерін қалыптастыру; туындаған қауіпті жағдайда өзін дұрыс ұстай білу. Зейінін, логикалық ойлауын, келісімді сөйлеуін дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)** **Дидактикалық ойын «Нені**ң жұбы болады» дидактикалық ойыны. Мақсаты:Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту. (математика негіздері) «Суретші қай оюдың суретін салды?» «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. Кесе» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	Д/О: **"Дұрысын таңда"** **Мақсаты**: балалардың өртті сөндіруге қажетті заттар, оларды пайдалану ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Өртті тудыруы мүмкін заттар туралы білімдерін бекіту. Сөйлеуді, есте сақтауды, логикалық ойлауды дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)** «Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	Д/О: **"Өрттің себептерін ата"** **Мақсаты:** өрттің себептері туралы білімдерін қалыптастыру.Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Жауапкершілікке тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)** **Дидактикалық ойын**: «Денсаулыққа дегеніміз ...» Мақсаты: Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. **«Ойыншықтарға арналған қала»** - қиялын дамыту, әртүрлі материалдардан құрастыру, топпен жұмыс істеу қабілетін арттыру **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	Д/О: **"Бір сөз айт"** **Мақсаты:** өрттің алдын алу шаралары туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. **(Қауіпсіздік дағды)** **Сюжеттік ойыншықтармен ойындар.** **Д\о«Не артық».** Мақсаты: Ойыншықтардың ішінен көліктерді бөліп алып ажыратуды үйрету. **Құрылыс ойындары** «Балабақша құрастырамыз». Мақсаты: Құрылыс бөлшектерін дұрыс құрастыра біледі (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** **Саусақ ойыны** «Жалғыз саусақ» санамақтар арқылы саусақ қимылдары дамиды. (.	Д/О: **"Карточкалық викторина"** **Мақсаты**: балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)** **Сюжетті рөлдік** ойын «Мектеп» Мақсаты: Балалардың мектеп жайында білімдерін толықтыру. Бірі тәрбиеші бірі оқушы болып ойнай білуге үйрету. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай білуге, тәрбиеші мен оқушының қарым-қатынастарының қанда болу керектігін көрсету. Ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту. «Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу**. (Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**
Балалармен жеке жұмыс	**ЕПИФАНОВ НАЗАР**	АСЫМ ӘДІЛХАН	**Жаңылтпаштар жаттау.** Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. **(сөйлеуді дамыту және**	**"Наурыз" өленің жаттау.** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған,	**Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".** Міндеті: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді

			көркем әдебиет) ТУРГАНОВА САНИЯ	Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** АБДУЛЛАЕВА САФИЯ	жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** ***АРКЕНОВА МАРИЯМ***
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	**Жаңбырды бақылау** **Мақсаты:** Жаңбыр туралы түсініктерін қалыптастыру. Далада жаңбырдан кейін шалшықтар пайда болады, жаңбыр жауғанда адамдар үстеріне судырлақтар киіп, қолдарына қолшатыр ұстап жүреді. Жер беті су болады, су сайларға, жыраларға ағады. **Тақпақ**: Тамшылар - ай, тамшылар. Жердің бетін су қылар. Балаларға батпақты, шалшықты басуға болмайтындығын айтып түсіндіру. Ұқыптылыққа,	**Наурыз айындағы ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Наурыз көктемнің бірінші айы екенін, шығыс күнтізбесі бойынша осы айда жаңа жыл келетінін айту. Наурыз басталғалы күн жылынып, ақырындап қар ери бастады. Күннің көзі жарқырап, күн ақырындап ұзара бастады. Жан-жануарлар түлеп, табиғат тіріле бастады **Тақпақ:** Келді көктем далаға, Келді сұлу шағала Аспандағы ақ құстар Айдын көлді арала	**Наурыз айындағы күннің көзін бақылау** Мақсаты: Балалар назарын күннің қатты қызатынына аудару,оларға күнге күюге болатынын түсіндіру. Наурыз айы басталғаннан күннің көзі жарқырап нұрын шаша бастады. Күн ұзарып, түн қысқара бастады **Жұмбақ:** Биіктен алтын алманы Ешкім ала алмады.(Күн) «Шатты күн» Келе жатты шатты үн – аналардың шаттығы, Қандай сыйлық тартасың, есіңе ал нақ бүгін.	**Ауа райын бақылау** **Мақсаты**: Балаларға көктемгі ауа райын бақылату арқылы табиғат әсемдігін сезінту. Балалар назарын күннің ұзарғанына, түннің қысқарғанына, аспанның биіктегеніне, алыстағанына аударту. Аспанның көгілдір екеніне назар салдыру. Жаңбыр жауатынына назар аудару. Көркем сөз: Қар, мұз еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. **Еңбек:** Алаңды қоқыстан тазарту.	**Желге бақылау жасау.** Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. **Мақал-мәтел** Келсе де әні құлаққа,

	тазалыққа баулу. **Қимылды ойын**: «Балық» ойынын ойнау. Балаларды шапшаңдыққа үйрету.	: Балалар өз еріктері бойынша ойындар. («Қуаласпақ», «Пойыз» т.б.) Жеке жұмыс: Ауладағы ағаштарды санау. 9-таяқша жинау ,тас жинау .	Қимылды ойын: **"Ақ қоян"** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян - ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетіңді жусаңшы Әй - әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші - Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.	Балаларды еңбекке баулу. **Қимылды ойын:** «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Аралары 10 - 15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып: Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп — деген сөздерден кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске» беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2 - 3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады. Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Көшерімді жел білсін Өзін ешкім көрмейді Қонарымды сай білсін Жусан,қамыс, құраққа Тіптен маза бермейді. **Болжам** Наурыз айының жылы желі-жаздың жылы, жаңбырлы болуына әкеледі. **Тақпақ** Желдет, желдет! Жеті қара дауылдат! Өрісін құлат,баласын жылат Тайтерісін қалтырат Науа- астауын жалтырат! *Қимылды ойын* **«Қақпақ пен таяқ».** *Еңбек іс-әрекеті* **Қажеттілік бойынша жұмыс** Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен қарым-қатынас. «Бала тілі бал»	Балалардың оқу қызметін үйде қадағалау.	Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту.	Әңгіме. Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу.	Балалардың тазалығына көңіл бөлу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі:10-14.03.2025 жыл

Күн тәртібі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. (**Бір тұтас тәрбие)** **Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.** **Табиғатпен танысу** Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша үстел ойындары. **Әнұранды орындауау.** **Мақсаты :** Отанына деген **сүйіспеншілікті қалыптастыру**. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.**(музыка)**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі**, **Бір тұтас тәрбие)** **Дидактикалық ойын.** **"Болады-болмайды"** Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Үстел үсті ойыны – пазл: «Менің әкем құрылысшы»** **Мақсаты:**Балалардың құрастыру дағдысын,қол икемділігін,ойлау қабілетін жетілдіру. **Музыкалық дидактикалық ойын «Аспаптар қайда»** **Мақсаты**: Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру**.** **(музыка)**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі**, **Бір тұтас тәрбие)** **"Комплимент" сәлемдесу** **Мақсаты:** өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. **Қарым-қатынас іс-әрекеті** **Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр»** **Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Музыкалық дид. ойын. «Қояндар» Мақсаты: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу**.(музыка)**	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі**, **Бір тұтас тәрбие)** **."Эхо" сәлемдесу** Мақсаты: топта сенім ортасын құруды жалғастыру, топтық келісімді дамыту. Эмоционалды экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. Адамдардың қарым-қатынасы туралы білімдерін бекіту. Әр бала өз атын айтады. (**Қарым-қатынас іс-әрекеті**) **Дидактикалық ойын.** **Қай аспап жоқ?** **Мақсаты:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту **(музыка)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел,Елбасы, рәміздер туралыәңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртурлі ойындар ұйымдастыру.			

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ақшаны жұмсауды үйренеміз» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **(Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: «Қайсысы қайда тіршілік етеді»** **Мақсаты:**жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. **Көрнекілік:**әр түрлі жануарлар,құстар суреті. **(Экологиялық тәрбие)** **«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?» Мақсаты**: Артық-кем ұғымдарын бекіту. Апта тақырыбы Бойынша жұмбақтар шешу арқылы ой - өрістерін дамыту **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **Артикулияциялық жаттығу«Жылан»** «Жылан» ауызды кең ашып, тілді молырақ алға қарай жылжытып жіңішкертіп, қатайтып ұстап, сосын осы қалыпта ауыз қуысына ақырындап кіргізу.	«Айырмашылығын тап» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **(Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** **Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. **(Экологиялық тәрбие)** Д/о:Мұны қайдан сатып алуға болады? Балалардың әр түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық-түлік дүкендері болады: «Көкөніс-жеміс», «Нан», «Сүт тағамдары»; «Аяқ киім», «Киім», «Маталар», «Балалар әлем», «Спорт киімдері»); дүкендерді ажырата білуге, ата-аналарымен бірге сауда жасауға тәрбиелеу.**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	«Банкомат» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **(Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: «Нан дастарханға қалай келеді?»** **Мақсаты**:Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайын, элеватор, диірмен. **(Экологиялық тәрбие)** Д/о:«Ұлттық киімдер» Мақсаты: Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу, суретті салу дағдыларын қалыптастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Сөздік ойын «Торғайға топта, далада өзін қалай ұстау керектігін айтып бер" Мақсаты: өмір қауіпсіздігі туралы білімдерін нығайту	«Дүкен» ойыны қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **(Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: «Бұл қандай құс?»** **Мақсаты**: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. **Көрнекіліктер:** құстардың суреттері. **(Экологиялық тәрбие)** Д/о:«Жыл атасы» Тақтада – жыл мезгілдері бейнеленген 4 карточка, балаларда – 1 көк карточка. - Жыл атасы бүгін бізге қандай карточканы қалдырады? Неге олай ойлайсыңдар? (Қалған карточкалар алынып тасталынады) **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **«Фигураларды құрастыр» жаттығуы.** Мақсаты : қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Үстел үсті ойыны:« Қақпа» Мақсаты:құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып биік және аласа қақпаларды құрастыра білуге үйрету
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу (затпен)** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. қолдарын алға-артқа сермеу; 3. қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. 4. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.			

	5. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. 6. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. 7. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **8.** Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. 9. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. 10. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **11.** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. 12. Тыныс алу жаттығу**(дене шынықтыру)**.			
Таңғы ас	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, , қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. **Ойын-жаттығу**: Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. **Қазақ тілі**			
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	**Дидактикалық ойын.** -«Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Зерттеу жұмысы Тақырыбы** Өз қолыма сенбеймін **Мақсаты**: сезу қасиетін зерттеу. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**«Сыңарын тап»** Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру **Зерттеу жұмысы** Жүзімнен жасалған су асты қайығы Мақсаты: судың қасиетін зерттеу **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**Сия қайда кетті?** Суы бар ыдысқа ерітінді жуас көкшіл түсті болғандай сияны немесе тушты тамызыңыз. Осында белсеңдірілген көміртегі таблеткасын салыңыз. Ыдыстың бетін бармақпен жауып ерітіндіні араластырыңыз. Көміртегі жоғарыдағы боғыш зат молекулаларын өзіне сіңіріп алғандықтан ол көрінбей кетеді. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**Дидактикалық ойын.** Ойын: «Сиқырлы қоржын» **Мақсаты**Дәйек сөздер айтып, мағынасы түсіндіріледі. **Зерттеу жұмысы Тақырыбы:** Иіс қайда кетті? **Мақсаты:** иіс сезу қасиетін зерттеу **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Сауат ашу** **Тақырыбы: Сөйлем** **Мақсаты** : Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (граммати калық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді	**Математика негіздері** **Тақырыбы Заттар** **Мақсаты** күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Белгі бойынша тап **Мақсаты:** Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы Ұлттық киімдер**	**Сауат ашу** **Тақырыбы Жолдар** **Мақсаты** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.

	сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Математики негіздері** **Тақырыбы Өлшем** **Мақсаты**: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: Салт-дәстүрлер** **Мақсаты** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру **Музыка** **Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** "Азық-түліктер. Наурыз көже дайындаймыз." Міндеті. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** **Аяққа арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс**	**дүкені** **Мақсаты** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы,) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. **Музыка** **Тақырыбы: «Соқыр теке»** **Мақсаты:**Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап. **2. Ән айту. «Тұлпарым»** Әннің мәтінін үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы Мемлекеттік мерекелер** **Мақсаты:** Мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық	**Дене шынықтыру** **Дербес қимыл белсенділігі.** **Мақсаты:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы **Көркем әдебиет** **Тақырыбы Жұмбақтар мен айтыс** **Мақсаты**, Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **Тақырыбы Ұлттық киімдер дүкені** **Сурет салу**: **Мақсаты:** . Бояулармен жұмыс

	тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды. **2. Музыкалық-ырғақты қимыл:** **Лентамен жаттығу.** 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту	**жаттығулары:** 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау. **Көркем әдебиет Тақырыбы: Төлдер айтысы (ертегі)** **Мақсаты:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, баулу.	әйелдер күні, Наурыз мейрамы) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. . Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.	жасауды жетілдіру, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру **Мүсіндеу:** **Мақсаты:** Пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ыдыстарды мүсіндеу, **Жапсыру** Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию **Құрастыру** Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру
2- таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.			
Серуен	**Жаппай бақылау** 1. Аула ағаштарын бақылау, **Мақсаты**: діңіне қарап ағаштың жасын анықтауға дағдыландыру. 2. Ойын алаңын жапырақтан тазартуға үлкендерге көмектесу. Жеке баламен жұмыс. **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қояндар»	**Жаппай бақылау**Ауа – райы құбылысын бақылау. **Мақсаты**: Белгілеріне қарап жыл мезгілін анықтауға үйрету. **Бақылау барысы:** Аспанда бұлт немес күннің бар екенін қарауды тапсыру. Бұлт не істегенін сұра (күннің көзін жауып тастады), ауа – рай және аспан қандай екенін анықтау. Балалалардың назарын соғып тұрған	**Жаппай бақылау** **Бұлттарды бақылау** **Мақсаты:**Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғаттыбақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы Біле алмадым мұны әлі Білерім көк аспанның	**Ұзақ бақылау:Жаңбырды бақылау** **Мақсаты:** Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту; Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру; Бақылау барысы: Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы,

	Мақсаты: **Мақсаты:** Балаларды дыбыс бойынша тез жүгіруге, бірақ бірін – бірі соқпай, қимылды қозғалыс жасауға және тәрбиеші белгісі бойынша оны өзгерте алуға , өз орнын табуға үйрету**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	желге, желмен қозғалған ағаш бұтақтарына аудару. : Ағаштардың жапырақтары сарғайады; Құстар жылы жаққа ұшып кетеді; Аспан бұлттанып тұрады; Толассыз жаңбыр жауады; **Еңбек:** Ойын алаңын тазартуға көмектесу **Мақсаты:** Алаңда тазалық пен ұқыптылықты сақтауға үйрету. үлкендерге көмек беруге ұмтылдыру; **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қояндар» Мақсаты: **Мақсаты:** Балаларды дыбыс бойынша тез жүгіруге, бірақ бірін – бірі соқпай, қимылды қозғалыс жасауға және тәрбиеші белгісі бойынша оны өзгерте алуға , өз орнын табуға үйрету. жүгіруге, бірақ бірін – бірі соқпай, қимылды қозғалыс жасауға және тәрбиеші белгісі бойынша оны өзгерте алуға , өз орнын табуға үйрету.**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	Бұлт – көшпелі бұлағы Тәрбиеші сұрақтары - Бұлт дегеніміз не? - Бұлттардың түсі қандай болады? - Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен) - Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек – түйдек болып тұрады) - Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) - Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) - Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) - Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қояндар» **Мақсаты:** Балаларды дыбыс бойынша тез жүгіруге, бірақ бірін – бірі соқпай, қимылды қозғалыс жасауға және тәрбиеші белгісі бойынша оны өзгерте алуға , өз орнын табуға үйрету.**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	қалың бұлттар. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса -жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса-тікелей, қисық). *Жұмбақтар:* Тіл былдыр, үні сылдыр (Жаңбыр Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай) Еңбекке баулу Бөлме өсімдіктерін жаңбыр суымен суару Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін күтуге ат салысуға ниеттерін арттыру. Қимылды ойындар:Қаздар мен түлкі Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарн арттыру. **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді бүктеу,өзіне өзі қызмет көрсету жіне кииміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру,қолдв жуу.Көмекті сыпайы түрде сұрауды уйрету. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, , қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.			
Түскі ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс Ас құралдарының атауын қазақ тілінде айту (қасық, тәрелке, пиала, пышақ).			
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері, ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту Нәзік минут - арман бөлмесіне саяхат ойыны, аудио жазба-классикалық бесік жыры (музыка).			

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын бекіту, тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау дағдыларын бекіту. мінезқұлық ережелерін, мәдени мінез құлық және сыпайы қарым қатынас негіздерін дамыту			
Бесін ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О: "Жақсы – жаман"** **Мақсаты:** өрттің пайдалы және зиянды қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Ойын барысы: балаға отты қолданудың әртүрлі түрлерін (жақсы да, жаман да) бейнелейтін сурет көрсетіледі.Балаларға от бейнеленген карточкалар және отпен байланысты заттар (сіріңке, отын, газ плитасы, керосин шамы және т.б.) таратылады. балалар карточкаларды суретке – керекті жерге орналастыруы керек. **(Қауіпсіздік дағды)** **Мазмұнды ойын:«Құыршақ қонаққа келді»** **Мақсаты**Балалардың икемділігін артыру , сөздік қорын жетілдіру. **Дид. ойын: «Кім жылдам?»** Ойыншарты:себеттің айналасында жемістер мен көкөністер аралас жатыр. Себеттің ішіне тек жемістерді жинап салу керек. **Гүлдеп тұрған шие ағашы** Гүлдеп тұрған шие ағашының суретін түрту тәсілін қолдана	Д/О: **"Жанып жатыр – жанбайды"** **Мақсаты**: әр түрлі заттар мен заттардың жанғыштық қасиеттері туралы білімдерін бекіту; өрттің жойқын күшін түсінуге және реакцияға жедел реакцияны дамытуға көмектесу. **Ойын ережелері**: балалар шеңберде, Тәрбиеші орталықта тұрады. Тәрбиеші затты немесе затты атайды және допты балалардың біріне лақтырады. Егер бұл зат жанғыш емес болса, бала допты ұстап алуы керек, ал егер ол жанғыш болса, оны ұрып тастауы керек. Қателік жіберген бала шеңберден шығады. Соңғы болып қалған бала жеңеді.**(Қауіпсіздік дағды)** **Дидактикалық ойын «Кімнің заттары?»** **Мақсаты**:сөйлеуге үйрету. **Үстел үсті театры «Шалқан»** **Мақсаты**: ертегі әдеби кейіпкердің әрекетін,жүріс-тұрысын талдауға үйрету. **Қим. ойын:**«Жанды ойыншықтар» Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету **Анамның портреті** Портретпен таныстыруды жалғастыру. Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы адамның бет-бейнесін	Д/О: **"Жауабын тап"** **Мақсаты:** Өрт шыққан кезде дұрыс іс-қимыл жасау туралы білімдерін бекіту. **Ойын барысы:** сұрақтар мен жауаптар суреттер түрінде ұсынылады (бір науада сұрақтар, екіншісінде жауаптар). Әрбір жағдайға дұрыс жауапты таңдау қажет. Жағдайларға жауаптар Өрт шықты. "01" нөміріне қоңырау шалыңыз. Бөлмеде түтін көп. Шығу жолымен жорғалап жүріңіз. Киімің жанып тұр. Еденге құлап, коньки тебіңіз.**(Қауіпсіздік дағды)** **Дидактикалық ойынОйын: «Не артық?»Мақсаты**:Үй құстары мен дала құстарын ажырату,суреттерді салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. **Көбелектер (ұжымдық жұмыс)** Гупканы гуашқа батырып трафаретпен көбелектің суретін салу. Ұжымда жұмыс істеуге тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін жетілдіру**.**	Д/О: **Дидактикалық ойындар** **1. "Бұрын және қазір"** **Мақсаты:** ұсынылған жағдайды басшылыққа ала отырып, дұрыс жауапты таңдаңыз. **Ойын ережелері**: Тәрбиеші балаларға өткен уақытта өрт болған жағдайда қандай іс-әрекеттер жасалғанын қысқаша хабарлайды; балалар мұндай жағдайларда бүгін қалай әрекет ету керектігін айтады. Өрт туралы қалай білуге және хабарлауға болады? Бұрын не істедік Қаланың үстінде мұнара тұрды, онда үнемі бақылаушы болды. Ол түтінді байқай салысымен бірден аспанға сигнал шарын жіберді. **(Қауіпсіздік дағды)** **Дидактикалық ойын** **Тақырыбы: «Шар, текше, цилиндр»** **Мақсаты:**Балаларға шар, , цилиндр секілді геометриялық фигураларға түсінік қалыптасады Еңбеккор ара Воск қарындашы мен акварель бояуын қолданып мазмұнды сурет салуға үйрету. Сурет салу іскерлігін жетілдіру. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

	отырып салуға үйрету. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	бере білуге үйрету. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	**(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	
Балалармен жеке жұмыс	**РОДИОНОВА АНГЕЛИНА**	ЖЕҢІСҚЫЗЫ АЯНА	**«Мозаика».** Міндеті. Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы. Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап атайды, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсіне үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері)** **КОЧКАРОВ ДИАС**	**Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. **(сурет салу)** **ГЛАЖДИНОВА ДЖАМИЛЯМ**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.			
Серуен	**Ұзақ мерзімді бақылау:**Аспанды бақылау, ақша бұлттар жүзіп келе жатқан сияқты. Бұлттар жеңіл ұлпа қарға ұқсайды. Аспан ашық көгілдір болса күн жылы болады деген түсініктерді бекіту. Еңбек: Ойын алаңын жапырақтан тазартуға үлкендерге көмектесу. Қимылды ойындар. «Мысықтар мен қаздың балапандары»	**Жаппай бақылау** 1. Аула ағаштарын бақылау, **Мақсаты**: діңіне қарап ағаштың жасын анықтауға дағдыландыру. 2. Ойын алаңын жапырақтан тазартуға үлкендерге көмектесу. Жеке баламен жұмыс. **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қояндар»	**Жаппай бақылау:** **Ауа-райын бақылау** Күз мезгілінің ауа-райының өзгеру белгілерін бақылау. Алтын-сары жапырақ Алуан-алуан-жапырақ Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап. Еңбек:ойын алағын жинауға көмектесу	**Ұзақ бақылау: Жаңбырды бақылау** **Мақсаты:** Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту; көктемде жауын әр түрлі болатынын түсіндіру. Бақылау барысы: Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар. Жауынның қалай

	(2-3рет қайталау)**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті**	Мақсаты: **Мақсаты:** Балаларды дыбыс бойынша тез жүгіруге, бірақ бірін – бірі соқпай, қимылды қозғалыс жасауға және тәрбиеші белгісі бойынша оны өзгерте алуға , өз орнын табуға үйретуЕңбек: Жапырақтарды жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Ойын: «Тез жет». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Өзіндік іс-әрекет. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**	Қимылды ойындар. «Мысықтар мен қаздың балапандары» (2-3рет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. **мобильді ойын** «Қоян мен қасқыр». **Мақсаттар:** —балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; —ережелерді өз бетінше орындауға дағдыландыру **Жеке жұмыс** «Ең жылдам». Мақсаты : жүгіру кезінде жаттығулар жасау, кеңістікте бағдарлау (жүгіруде бағытты өзгерту), секіру (екі аяқпен секіру) қабілеттерін арттыру үшін тапсырмаларды орындау**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті**.	құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса -жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса- тікелей, қисық). *Жұмбақтар:* Тіл былдыр, үні сылдыр (Жаңбыр) Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай) Еңбекке баулу Бөлме өсімдіктерін жаңбыр суымен суару Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін күтуге ат салысуға ниеттерін арттыру. Қимылды ойындар:Қаздар мен түлкі Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарн арттыру. **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тілін дегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру	**Ата-аналарға кеңес** : «Үйде математиканы үйрену».	Ата-аналармен әңгімелесу «Бір аптада біз жаңа не білдік»

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 17-20.03.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Менің елім әнімен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі)** **«Жылулық сыйлаймын»** Мақсаты: балаларды бір-біріне жақсы тілек тілеп, шаттанып, қуанып, жылулық пен күлкі сыйлай білуге үйрету. Мазмұны: Шеңбер болып тұрайық. Әлемде Нұр тыныштық! Әрбір бейбіт күн ыстық, Қайырлы таң, балалар! **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** НЕ ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ? Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.(**музыка**)	Достар әнімен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі**, **Бір тұтас тәрбие)** **«Сәлем берем үлкенге»** Мақсаты:Балаларды өнегелі ,тәрбиелі болуға ,үлкендерді сыйлауға ,құрмет көрсетуге баулу. Алдымыздан кезіккен, Көп таныста көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті** НЕ ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ? Музыкалық (сазсырнай, тұяқтас, қоңырау,) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. (**музыка**)	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді **(Күй қосу, күй күмбірі)** «**Жүректен жүрекке** Балаларды татулыққа ,мейірімділікке ,бір біріне қамқор болуға ,жылулық сыйлауға үйрету. Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға, бар адамға Тек мейірім сыйлаймыз. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** НЕ ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ? Музыкалық (сыбызғы, домбыра, металлофон,) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.(**музыка**)	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Күй қосу, күй күмбірі)** **«Отшашу»** Мақсаты: коммуникативтік дағдыларды дамыту Барлығы шеңберге тұрады, біз қолымызды алға созамыз. Мен алақанымды ашамын, балалар алақандарымды алақаныма бірінің үстіне бірін қояды. Содан кейін жоғары көтеріп, «бір, екі, үш» (бұл сөздерге біз қолымызды көтеріп, созылып жатырмыз - және қолымыз жеткенде қолымызды бөлмей өте жоғары созамыз). «Шапалақ!» «Шапалақ» деген сөзге біздің ортақ отшашуымыз барлығының 1қуанышына шапалақтайды - қолдар «фонтан» тәрізді екі жаққа тез тарап кетеді**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)** НЕ ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ? Музыкалық (ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.(**музыка**)	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналарға кеңес.Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Балалар кітапханасы» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)** «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу. **(Экологиялық тәрбие)** **«Ғажайып қалта»** **Мақсаты:** Қалтадағы жемістерді танып, атын және түсін,пішін сипаттап адам денсаулығына пайдасы туралы айта біледі. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	«Бір кітап» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)** **«**Гүлдерді пішінге орналастыр» **(Экологиялық тәрбие)** **«Қонақ күтеміз»** Мақсаты: Дастарханға жемістермен салат әзрлейді. Жеміс пен көкөністерді сипаттайды. Олардың бойындағы дәрумендер пайдасы туралы әңгімелейді. (**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	«Кітап – менің қазынам» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)** Сумен тәжірбие жасау, еріген және қатты күйі **(Экологиялық тәрбие)** **Д/о:«Айырмашылығын тап»** Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. (**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	«Жас тыңдарман» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)** Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Міндеті: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.видео көрсету. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/о:«Айырмашылығын тап»** Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таб білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу (затсыз)** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. 3. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. 4. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). 5. Оңға, солға еңкею, шалқаю. 6. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. 7. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру 8. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. **9.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. **10.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. **11.** Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. 12. Тыныс алу жаттығу**(дене шынықтыру)**.				
Таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз,күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рахмет айтып тамақтануға кіріседі.				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	**«Сипаттамасы бойынша тап»** Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар,	**Зерттеу жұмысы** Ұқыпты үй шаруасы болып	**Зерттеу жұмысы** Иіс қайда кетті?	**Зерттеу жұмысы** Қолды суламай тиынды судан	

	биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту (**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет**)	өсеміз Адамға су және электрсіз өмір сүру мүмкін емес екенін түсіндіру. Су мен электрді үнемдеп отыру қажеттілігін түсіндіру. (**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет**)	Алдын ала иіс су тамшыланған банкеге жүгері таяқшаларын салып оны тығыз қақпақпен жабыңыз. 10 минут өткен соң қақпақты ашқанда сіз иісті сезбейсіз: оны жүзері таяқшаларының кеуек заттары өзіне сіңіріп алды. Осындай түстін немесе иістің сіңіруін адсорбция — деп атайды. (**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет**)	қалай алып шығуға болады? Тиынды тәрелкенің түбіне салып су құйыңыз. Қолды суламай оны қалай алып шығуға болады? Тәрелкені еңкейтуге болмайды. Газет қағазын кішкене отпен тұтатыңыз оны жарты литрлік банкеге салып тез арада оны тәрелкедегі судың жанына аударын тиынның жанына қойыңыз. От сөнеді. (**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет**)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Сауат ашу** **Тақырыбы Сөйлем** **Мақсаты** : Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** "Азық-түліктер. Наурыз көже дайындаймыз." Міндеті. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін	**Сауат ашу** **Тақырыбы: Жел** **Мақсаты** : Әртүрлі бағыттағы толқынды, ирек сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Математики негіздері** **Тақырыбы Заттар мен құбылыстар** **Мақсаты**. заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қал **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: Табиғат құбылыстары** **Мақсаты** Ойыншықтарды,	**Математика негіздері** **Тақырыбы Табиғат құбылыстары** **Мақсаты** . заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. **Қазақ тілі** **Мақсаты**: отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу **Дене шынықтыру** **Кеудеге арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою	**Математика негіздері** **Тақырыбы Тендік** **Мақсаты**: саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы Танып ата** **Мақсаты ,** сюжеттік суреттер, заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдерді қолдану. . сөйлегенде эпитеттерді, салыстыруларды қолдану **Музыка** **Тақырыбы: «Төменжәне жоғары дыбыстар»** **Мақсаты:** Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.**	

	нақтылау. Балаларға азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** **Кеудеге арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау.	сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану **Музыка** **Тақырыбы: «Төменжәне жоғары дыбыстар»** **Мақсаты:** Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** Түстері бірдей,әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап,төменгі дыбысқа үлкен қоңырау,орташа дыбысқа орташа қоңырау,жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Сөзі: Ж.Смақов. Балалар бізге қазір «Мысық пен мысықай» ойыны: Мысық пен мысықай дауыстарын салған балаларды мадақтау. «Көңілді ырғақ» биін таныс би қимылдарымен билету.	және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы Жануарлар** **Мақсаты:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң .	**Ойын:** Түстері бірдей,әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап,төменгі дыбысқа үлкен қоңырау,орташа дыбысқа орташа қоңырау,жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Сөзі: Ж.Смақов. Балалар бізге қазір «Мысық пен мысықай» ойыны: Мысық пен мысықай дауыстарын салған балаларды мадақтау. «Көңілді ырғақ» биін таныс би қимылдарымен билету. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы Жануарлар** **Мақсаты:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң	

	Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Ережелер мен нормалар **Мақсаты**: . Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Еңбекке баулу. кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.				
2- таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Берейін бата асыңа, Амандақ берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа (**қазақ тілі**)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	**Қарды бақылау** Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов Ақ қар еріп, Су көбейіп,	**Бұршақты бақылау** Мақсаты: «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру; — есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. Бақылау барысы Көркем сөз «Бұршақ жауғанда» А. Меңдібай Аспанды бұлт торлап, Күн кенет бұзылды. Жел тұрып, сап-салқын,	**Итті бақылау** Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту Бақылау барысы Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай Кіп-кішкентай күшігім, Сүйкімдісін өзінің.	**Маусымдық өзгерістерді бақылау** Мақсаты: Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.	

	Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келс көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердег қар еріп, суға айналады. **Зерттеу жұмыстары** Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? **Еңбек** Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. **Қимылды ойын** «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып	Жауын исі сезілді. Айнала тарсылдап, Ақ моншақ төгілді. Жер беті ағарып, Мұз болып көрінді. Моншақты ұстап ап, Көргім кеп барады- Қолымда көп моншақ , Су болып ағады .(көркем әдебиет) Тәрбиеші әңгімесі: күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады. Зерттеу жұмысы Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме? **Еңбек** Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қануға үйрету. **Қимылды ойын:** «Ақ серек-көк	Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды .(көркем әдебиет) **Тәрбиеші сұрақтары.** Бұл күшік сендерге ұнай ма? Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктер көбіне неме айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесі өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. **Еңбек:** Жер қазу жұмыстарынақатысу. Мақсаты: ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген	Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) .(көркем әдебиет) Тәрбиеші сұрақтары: Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемнің алдында қай мезгіл болды? Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) **Еңбек** Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. **Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. танымдық іс	

	құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. **Жаттығу ойыны** Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. **Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті дене шынықтыру)**	серек». Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу. **Жаттығу ойыны** «Кім алда?». Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	құлшыныстарын арттыру. **Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан». Мақсаты: —белгі бойынша әрекет етуге баулу; —жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру**).(танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті дене шынықтыру)**	әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті дене шынқтыру	
Серуеннен оралу	Балалар реттілігімен шешінеді. Мәдени-гигиеналық шараларды орындайды. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Түскі ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Батам батам батпасын Батам жерде жатпасын Жарылқа, құдай, қабыл ет! Жарылқаудың қамын ет! Бай ет, мамыр ет, Батамды мұстажап ет! Құдайдан не тілесе, Соны әзір ет! Құдай тағала, мұның ақниетін Қабыл ет! Әумин! **(қазақ тілі)**				
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығуы. «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. Төмен, төмен, төменге - балалар тізе бүгіп отырады, басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. Керемет, керемет - Балалар тұрып алақан соғады. Күлімдейді күн. Қол белде, оңға-солға бұрылу. 3-4 рет қайталау				

Бесін ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Берейін бата асыңа, Амандақ берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қ/О: **"Отты айдаһар"** **Мақсаты**: дене шынықтыру дағдыларын жетілдіру, адымдап жүру, жорғалау; реакция жылдамдығын,ептілігін, батылдығын дамыту. **Ойын барысы**: ойыншылар шеңберге тұрады, қол ұстасып, шеңбер бойымен адымдап жүреді, әр адым сайын "От – айдаһар, шық!" дейді. Ұйықтап жатқан Айдаһар шеңбердің ортасында жатыр. Айдаһар орнынан тұрып, бойын түзеп, қызыл ленталармен ("жалын тілдері") кеуде биіктігінде бұлғап тұрғанда, ойыншылар шашырап кетеді. **(Қауіпсіздік дағды)** «Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	Қ/О: **"Ошақтағы от"** **Мақсаты:** реакция жылдамдығын, ептілігін, кеңістіктегі бағдарын, зейінін, төзімділігін дамыту; батылдық сезімін, тәртіптілікті, жеңіске деген ерік-жігер мен ұмтылысты, күнделікті өмірде өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру. **Ойын барысы**: ойыншылардың бірі Отты бейнелейді (жартылай маскада). Ол өз ошағынан шығып, қалған ойыншыларды айналып өтеді. ӨРТ. Мен отпын, маған тиіспе! ОЙЫНШЫЛАР (жауап ретінде) Сіз неге пештен кетіп қалдыңыз, Біздің жауымызға айналдыңыз ба? **(Қауіпсіздік дағды)** **Дидактикалық ойын**: «Денсаулыққа дегеніміз ...» Мақсаты: Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын	Қ/О: **"Қауіпті заттар – өрт көзі"** **Мақсаты:** балаларды қауіпті заттардың арасынан өрттің жиі шығуына себеп болатын заттарды табуға үйрету. Логикалық ойлауды дамыту. **Ойын барысы:** балаларға жанғыш заттар мен жай қауіпті заттар бейнеленген карточкалар таратылады. Мысалы: шам, үтік, ұшқын, пеш, ара. Өртке қауіп төндірмейтін заттың суреті бар карточканы алып тастау керек. **(Қауіпсіздік дағды)** **Құрылыс ойындары** «Балабақша құрастырамыз». Мақсаты: Құрылыс бөлшектерін дұрыс құрастыра біледі (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет**) Ойынның аты: “Сұрақ – жауап” Ойынның мақсаты: мақал – мәтелдерді тез есте сақтау, дұрыс дыбстау Дид. ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. (**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	Қ/О: **"Су және от"** **Мақсаты:** реакция жылдамдығын, ептілігін, зейінін, қимыл-қозғалысын үйлестіруді дамыту; достық сезімін қалыптастыру. **Ойын барысы**:бір-бірінен 10 метр қашықтықта екі сызық сызылады. Бір қатарда қыздар (Су), екіншісінде ұлдар (От) сапқа тұрады, олардың арасына апарады. "От!" командасы бойынша ұлдар қыздарды, "Су" командасы бойынша қыздар ұлдарды ұстайды (өртті сөндіреді). Қалғандары жау командасына ауысады. **(Қауіпсіздік дағды)** **Сюжетті-рөлдік** ойын «Мектеп» Мақсаты: Балалардың мектеп жайында білімдерін толықтыру. Бір тәрбиеші бірі оқушы болып ойнай білуге үйрету. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай білуге, тәрбиеші мен оқушының қарым-қатынастарының қандай болу керектігін көрсету. Ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту. «Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(Шығармашылық іс-әрекет,**	

		орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.		**бейнелеу іс-әрекеті**	
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр»** Міндеті: балалар кез келген заттың ортақ атауы болатынын түсінеді. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **ВЕЛЕДИНОВ САЛИХ**	**М. Монтессори технологиясымен жұмыс.** Міндеті: Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізеді. **(Математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** АНВАРОВ ДАМИР	**«Қандай пішіндер жасырынды? дамытушы жаттығуы.** Міндетіі.Түстер мен пішіндерді қабылдауын; зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдар: көлемдері бірдей геометриялық пішіндердің түрлі түсті модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. Барысы. - Балалар, пішіндер сендермен бірге тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндердің атауларын атайды.**(математика негіздері)** **ҚАМБАРБЕК ҚАСЫМ-ХАН**	**«Телефон» ойыны** Міндеті: балалардың қиялын және диалогтік сөйлеуін дамыту. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Керек санды тересің, Елге сәлем бересің. (Телефон.) Педагог әр командадан екі баланы шақырады. Әр жұп үшін жағдай мен әңгіме тақырыбы ұсынылады. Жұп қарсылас командалардың мүшелерінен тұрады. 1. Досыңды туған күнімен құттықтау. 2. Тәрбиешіге балабақшаға не үшін келмегеніңді түсіндіру. 3. Досыңды сырғанақ тебуге шақыру. 4. Жаңа достармен танысу. 5. Досыңның сүйікті ойыншығын сындырып алғаның үшін кешірім сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** ***ЖАНАХМЕТ АЯУЛЫМ***	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	**Аспанға бақылау жасау.** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.	**Желге бақылау жасау.** Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын	Ауа райын бақылау **Мақсаты**: Балаларға көктемгі ауа райын бақылату арқылы табиғат әсемдігін сезінту. Балалар назарын күннің ұзарғанына, түннің қысқарғанына, аспанның биіктегеніне, алыстағанына аударту. Аспанның көгілдір	**Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау.** Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе	

	Көркем сөз **Жұмбақ** Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (аспан мен жер) **Болжам** Егер көктемде ауа райының қалыптылығында таңертең дөңгеленген қабатты бұлттар көрінсе, ал кешке жоғалып кетсе- онда ауа райы жақсы, тұрақты болады. **Тақпақ** Қ.Аманжолов «Көктем» Сансыз көкек сұңқылдап Көктем келді ертерек Нәзік үнмен сыңқылдап Бұйра бұлақ еркелеп *Қимылды ойын* **«Қазым,қазым қаңқылда!»** Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.	өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. **Мақал-мәтел** Келсе де әні құлаққа, Көшерімді жел білсін Өзін ешкім көрмейді Қонарымды сай білсін Жусан,қамыс, құраққа Тіптен маза бермейді. **Болжам** Наурыз айының жылы желі-жаздың жылы, жаңбырлы болуына әкеледі. **Тақпақ** Желдет, желдет! Жеті қара дауылдат! Өрісін құлат,баласын жылат Тайтерісін қалтырат Науа- астауын жалтырат! *Қимылды ойын* **«Қақпақ пен таяқ».** *Еңбек іс-әрекеті* **Қажеттілік бойынша жұмыс** Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.	екеніне назар салдыру. Жаңбыр жауатынына назар аудару. Көркем сөз: Қар, мұз еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. **Еңбек:** Алаңды қоқыстан тазарту. Балаларды еңбекке баулу. **Қимылды ойын:** «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Аралары 10 - 15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып: Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп — деген сөздерден кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске» беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2 - 3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады. Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.	түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. *Көркем сөз* Жұмбақ Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ Суырды көкте қылышын Ұстаған қолдарында таяғы жоқ Нөсерлі қара бұлт төнді Күніне талай жерге кетер кезіп Тарылтып жердің тынысын Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ (бұлт) Тапа-тал түс болды ымырт *Қимылды ойын* **«Кілттер»** Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. *Еңбек іс-әрекеті* Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. *Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама* **«Бұлт неге ұқсайды?»** Түрлі заттар мен жануарлардың	

				келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. *Өзіндік іс-әрекет* Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп,құптау.	
Балалардың үйге қайтуы	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	"Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз."	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.	"Балаңызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?".	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 26-28.03.2025 жыл

Күн тәртібі	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. (**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі)** «Сәлемдесу» қазақ тілінде сәлемдесу сөздерін оқыту. Ойын рқылы қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру шеңбер «Сәлемдесу,амандасу» Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн! (**Қарым-қатынас іс-әрекеті** **Тақырыбы: Көңілді әуен** Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. **(музыка)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі**) "Жақсы тілектер" ойын әдісі - мейірімділікке эмоционалды жауап беру, сөздікті кеңейту-Сен аққудай әдемісің -Көбелектей сұлусың -Күн сияқты мейірімдісің т.б. **Қарым-қатынас іс-әрекеті**) **Тақырыбы: Көңілді әуен** Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. **(музыка)**	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Күй әуенін қосу.)** «Сәлем берем үлкенге» Мақсаты: Балаларды өнегелі , тәрбиелі болуға ,үлкендерді сыйлауға ,құрмет көрсетуге баулу. Алдымыздан кезіккен, Көп таныста көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. (**Қарым-қатынас іс-әрекеті** **Дидактикалық ойын «Теңіз»** Мақсаты: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. (**музыка**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы		

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Қуыр-қуыр, қуырмаш»** Міндеті: Баланың эмоционалдық байланысын нығайту, сенсорлық қабілетін дамыту.Ойын барысы: Баланың алақанын өз алақаныңызбен сипай отырып, "Қуыр-қуыр, қуырмаш" өлеңін айтасыз. Өлеңнің соңында оның саусақтарын жұмып "саусақты жасырып қойдыңыз" деп ойнайсыз. **(Біртұтас тәрбие)** Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету «Құстарға қамқорлық» **(Экологиялық тәрбие)** Дид.ойын: «Нешеу?» Мақсаты: Атауға және санауға үйрету. Көп заттар мен аз заттарды ажыратуға үйрету. Көп-аз, тең-тең емес ұғымдарын ажыратуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар: Санауға қажетті заттар,суреттер. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**«Сандықтың ішіндегі не бар?»** Міндеті: Баланың ұлттық бұйымдарды танып, сөздік қорын дамыту. Ойын барысы: Кішкене сандыққа ұлттық бұйымдарды салып, оны ашып, бір бұйымды көрсетіңіз. Мысалы: "Бұл домбыра. Ол музыкалық аспап" деп түсіндіру. **(Біртұтас тәрбие)** Қайсысы дұрыс? Неліктен? ойыны Суретті тапсырмалармен дидактикалық ойын. Суреттегі балалардың жол қауіпсіздігін дұрыс-бқрыс орындауын анықтайды. Өз ойларымен бөліседі. **(Бір тұтас тәрбие)** Ойын кеңістігін ұйымдастыру: «Біз тұратын үйде мереке» отбасы мүшелеріне құрметпен қарауды тәрбиелеу**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау	**«Оюларды таны»** Міндеті: Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту. Ойын барысы: Түрлі-түсті ою-өрнектерді немесе заттарды көрсетіп, олардың түсін атауды сұраңыз. Мысалы: "Бұл қызыл ою. Бұл сары ою." **(Біртұтас тәрбие)** Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру«Көгершін» оригами құрастырамыз **(Экологиялық тәрбие)** Д/о: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. Ауыз екі сөйлеуде салт-дістүрлермен таныстыру көркем сөздерді қолдану **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу (затсыз)** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. 3. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. 4. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). 5. Оңға, солға еңкею, шалқаю. 6. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. 7. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру 8. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. **9.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. **10.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. **11.** Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Тыныс алу жаттығу**(дене шынықтыру)**.		
Таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Ас ішкенде күнде біз,		

	Сөйлемейміз,күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз,білмейміз. Балалар рахмет айтып тамақтануға кіріседі.		
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	**Д/о: «Ағаштар мен гүлдерді топтастыр»** Мақсаты: топтастыруға, ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **«Қарама-қарсы сөздер»** ***Мақсаты:***антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. ***Көрнекілігі:***доп, карточкалар. ***Ойын шарты:***тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек. ***Мысалы:***тәрбиеші: «үлкен» десе, бала «кіші» деп, «биік» десе «аласа» деп жауап береді.	**Зертеу жұмысы** **Тақырыбы:** Дәрумендер. Мақсаты: Балалармен сөйлесе отырып дәмінен ажыратуға үйретуді жалғастыру Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы әңгімелесу. Ірі құрылыс материалдармен және конструкторлармен ойындар. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** «Затты сипатта» *Мақсаты:*заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. *Көрнекілік құралдар:* ыдыс, муляж, сурет (көкөністер, жемістер). *Ойын барысы:*әр түрлі жемістер немесе көкөністер суреттері, муляждарды салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, буынға бөледі. *Ойын шарты:* бала ыдыстан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және т.б. қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенің ажыратады да оны сипаттайды, атын айтады.	**Зерттеу жұмысы** Ауа шарын оған зиянын тигізіп алмай қалай жаруға болады? Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз. (**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Математика негіздері** **Тақырыбы Геометриялық фигуралар** **Мақсаты** қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу **Қазақ тілі**	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Белгі бойынша тап **Мақсаты:** Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы Ұлттық киімдер дүкені** **Мақсаты** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы,) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді	**Сауат ашу** **Тақырыбы Жолдар** **Мақсаты** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа ұзын, толқынды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **Дене шынықтыру** **Дербес қимыл белсенділігі.**

	Мақсаты:өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. сөйлемдер үлгілері негізінде қазақ тілінде көктем туралы әңгіме құрауға үйрету. Құттықтауды модельдеуге арналған ауызша жаттығу: "Анамды құттықтаймын". **Дене шынықтыру** **Домалату, лақтыру.** **Мақсаты:** Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. **Қоршаған ортамен танысыру** **Тақырыбы Адам еңбегі** **Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. өсімдіктердің өсуі үшін жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі,	дамыту. **Музыка** **Тақырыбы: «Соқыр теке»** **Мақсаты:**Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап. **2. Ән айту. «Тұлпарым»** Әннің мәтінін үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы Мемлекеттік мерекелер** **Мақсаты:** Мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.	**Мақсаты:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы **Көркем әдебиет** **Тақырыбы Жұмбақтар мен айтыс** **Мақсаты**, Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **Тақырыбы Ұлттық киімдер дүкені** **Сурет салу**: **Мақсаты:** . Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру **Мүсіндеу:** **Мақсаты:** Пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ыдыстарды мүсіндеу, **Жапсыру** Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию **Құрастыру** Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен ою-өрнектермен безендіру

2- таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Берейін бата асыңа, Амандақ берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа**(қазақ тілі)**		
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.		
Серуен	**Қардың алғашқы еруін бақылау** Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықты дамыту. *Көркем сөз* **Болжам** Егер қар күрт еріген тұстарда көктемнің алғашқы гүлдері және өгейшөп өссе-онда наурыз айы мен көкек айының басы жылы болады. **Тақпақ** Көктем Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау-бақшада,орманда Құстар әні төгілді. *Қимылды ойын* **«Жүгір-отыр-жүгір!»** Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.(«Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады);жылдамдықты(бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. *Еңбек іс-әрекеті*	**Су тамшыларын бақылау** *Мақсаты:* — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. *Бақылау барысы* *Көркем сөз. «Сұңгілер» А. Меңдібай* Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сұңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. **Балаларға сұрақтар** Мұз сұңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)* Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сұңгілер ұзын болады)* Аязды күндері сұңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)* Шуақты күні ше? *(өседі)* Қай беттегі сұңгілер тез ериді?*(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)* Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке	**бақылау** *Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;* жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. *Бақылау барысы* *Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай* *Кіп-кішкентай күшігім,* *Сүйкімдісін өзінің.* *Еркелейді ойнақтап,* *Жылтырын-ай көзінің.* *Оратылып аяққа,* *Бір сәт тыным таппайды.* *Кел, достарым, жасқанба,* *Күшігім менің қаппайды* **Тәрбиеші сұрақтары.** Бұл күшік сендерге ұнай ма? Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір

